

**«Жасыл шырша жанында» атты Жаңа жылдық өткізілген ертеңгілік
хаттамасы**

28.12. 2023ж

Қатысқандар:

Директор : С.Р.Мусаева

Әдіскер : Т.Е.Махашева

Тәрбиешілер : 6

Барлығы :8

Күн тәртібінде:

1. Жаңа жылдық ертеңгілік «Жасыл шырша»
Өткізген № 1 «Күншуақ» кіші топ тәрбиешісі Мендігулова А
2. Жаңа жылдық ертеңгілік «Төрлет төрлет жаңа жыл»
Өткізген № 2 «Балбөбек» ортаңғы топ тәрбиешісі Тажигалиева Маржан
3. Жаңа жылдық ертеңгілік «Армысың жаңа - жыл»
Өткізген № 3 «Ботақан» ересек топ тәрбиешісі Қарасаева А

Тыңдалды:

1. Балабақша әдіскері Махашева Тілек жаңа жыл мерекесіне орай ертеңгіліктер барлық жас ерекшеліктерінде өткізілгені туралы тоқталып өтті. Бірінші № 1 «Күншуақ» кіші топ тәрбиешісі Мендігулова А «Жасыл шырша» атты ертеңгілік және № 2 «Балбөбек» ортаңғы топ тәрбиешісі Тажигалиева Маржан «Төрлет төрлет жаңа жыл» атты ертеңгілік ересек топ тәрбиешісі Қарасаева А «Армысың жаңа жыл» ертеңгіліктер өткізілгені туралы айтып өтті. Өз сөзінде тәрбиешілердің мерекеге байланысты ән саз бөлмесін талапқа сай безендіріп қойылғаны туралы айттып өтті. Балалардың киімдері билерге байланысты реттелген. Балалар ән саз ырғағын тыңдай отырып мерекеге байланысты әндерін өлеңдерін айта білді. Сөз кезегін кіші топ тәрбиешісіне берілді.

1.1. Жаңа жыл мерекесіне байланысты өткізген № 1 «Күншуақ» кіші топ тәрбиешісі Мендігулова А өз сөзінде. Ертеңгілікке талапқа сай дайындалдым ата аналармен бірлесе отыра жұмыстар жүргізілді. Балалар жасына сай өлеңдер тақпақтар және билер алынды. Балалар киімдері би қыймылына сай тігілді. Балалар өз деңгейлеріне сай тақпақтарын айта білді. ғажайып сәттке аяз ата ақшақар ескі жыл қоян және жаңа жыл ылу жылы келіп балалармен қызықты ойындар ойналды. Балалар жас ерекшелігіне сай қоян биі және аюлар биін алдым. Балалар қыс мезгілінде аяз болатынын және аппақ қар жауатынын біліп қар ойынын ойнай білді. Өз сөзімді қорыта келе жаңа жыл ертеңгілігі жақсы деңгейде өтті деп бағалаймын.

1.2. № 3 «Ботақан» ересек топ тәрбиешісі Қарасаева А өз сөзінде бүгінгі № 1 топта өткен жаңа жылдық ертеңгілік жақсы деңгейде өтті. Тәрбиешінің өзін өзі

ұстауы сөздік қоры жақсы деңгейде. Балалар жаңа жыл мерекесіне қызыға қатысты. Тақпақтарды жақсы деңгейде айта білді. Қар жинау ойыны жақсы деңгейде өтті. Өз сөзімді қорыта келе жақсы деп бағалаймын.

2.1. Тәрбиешісі Тажигалиева Маржан № 2 «Балбөбек» ортаңғы топ тәрбиешісі «Төрлет төрлет жаңа жыл» жаңа жылдық ертеңгілік туралы өз сөзінде. Ертеңгілік мақсатына жете білдім. Балаларға арнап жаңа жыл мезгіліне байланысты ойындар тақпақтар және билерді алдым. Ертеңгілікке ғажайып сәттер пайдалана отырып жаңа жыл ылу жылы келгенін қоян жылы қоштасып кеткені туралы балаларға түсіндіре білдім. Балалар өз тақпақтарын өлеңдерін жатқа айтып ән ырғағына сай өлеңдерін айта және билерін билеп білді. мыстан әжей шырша оттарын қанша жағуға кедергі жасада Аяз ата өз жақсылығын білдіріп шырша оттарын жақты. Балалар ойынды ойнай жүріп адамгершілікке достыққа деген сезімдерін оята білдім. Өз сөзімді қорыта келе ертеңгіліктің мақсатына жеттім деп.

2.2. № 3 «Ботақан» ересек топ тәрбиешісі Әбішаева Үміт өз сөзінде . № 2 ортағы топ тәрбиешісі өз деңгейінде ертеңгілікті өткізе білді. Балалар ертеңгілікке жақсы деңгейде қатыса білді . Тақпақтарын жақсы деңгейде айта білді. Ойындарды жақсы деңгейде ойнай білді. Ғажайып сәтті балалар жақсы деңгейде ойындар ойнай білді. Тәрбиешінің өзін өзі ұстауы жақсы деңгейде балалармен қарым қатынасы жақсы деңгейде. Өз сөзімді қорыта келе ертеңгілікті жақсы деп бағалаймын.

3.1. Өз сөзінде № 3 «Ботақан» ересек топ тәрбиешісі Қарасаева А «Армысың жаңа - жыл» жаңа жылдық ертеңгілікті балалармен және ата аналармен тығыс байланыста отырып дайындалдық. Балалар тақпақтары талапқа сай алынды және балалар оны жақсы деңгейде айта білді. балаларға ғажайып сәттер қатты әсер қалдырды себебі балалар өздері қызыға ойынға қатыса білді. Қыс мезгілі аяқ қар болатынын және адамдар қандай киімдер киу керек екенін шанамен шаңғымен қандай ойындар ойналатынын айтып өтті. Сол ойындарды балалар қызыға ойнай білді. Тақпақтарын жақсы деңгейде айта білді. билерін ән ырғақты тыңдай отырып билей білді. Өз сөзімді қорыта келе ертеңгіліктің мақсатына жеттім.

3.2. № 1 «Күншуақ» кіші топ тәрбиешісі Мендігулова А өз сөзінде. Ересек топ тәрбиешісі өткізген жаңа жылдық ертеңгілігі жақсы деңгейде өткізілді. Балалар тақпақ өлеңдерін жақсы деңгейде орындап берді. Аяз ата ақшақар балаларды қызықтыра білді. Балалар өте жақсы көңіл күймен жаңа жылды қарсы алды. Өз сөзімді қорыта келе ертеңгілікті жақсы деп бағалаймын.


Шешімі:

«Жасыл шырша жанында» атты Жаңа жылдық мерекесіне орай өткізілген ертеңгілік «жақсы» деп бағалансын

Шағын орталық директоры :
Хатшы:



С.Р. Мусаева
Т.Е.Махашева

«Тексерілді»
«Балбобек» жекеменшік
шағын орталығының
әдіскері  А.Е.Махашева

**Ұйымдастырылған мерекелік іс-шара
Тақырыбы : «Жасыл шырша»**

Өткізген №1 «Күншуақ»
кіші тобының тәрбиешісі
Мендыгулова.А.А

2023 – 2024 оқу жылы

«Жасыл шырша»

Мақсаты: Балалардың жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін қалыптастыру. Мерекелік көңіл-күй ортасын ұйымдастыру. Образдық бейнелерді сондай білуге үйрету, ән айту шеберліктерін арттыру, би қыймылдарын қызығушылықпен, ырғақты сақтай орындауға түсіндіру.
Қатысушылар: Аяз ата, ақшақар, қуыршақ, қоян, ұлу, балалар.
Залда көңілді әуен ойналып тұрады. Балалар, тәрбиешәлермен бірге залға кіреді.

Жүргізуші: Саламатсыздар ма, балалар! Саламатсыздар ма, қонақтар!
Жаңа бақыт, жаңа жыл!

Жаңа өлең, жаңа жыр,
Балғын бөбек, балалар.

Құтты болсын, жаңа жыл!

Балалар қараңдаршы шыршаға ойыншықтары қандай әдемі жарасып тұр.
Қандай әдемі.(балалар шыршаны жақындап келіп тамашалайды)

Балалар жасыл шырша мерекесіне біреулер жетіспей тұрған сияқты. Олар кімдер?

Балалар: Аяз ата, Ақшақар

Жүргізуші: Дұрыс, ал бірігіп бәріміз Аяз ата мен Ақшақарды шақырайық
Аяз ата, Ақшақарды (дауыстап шақырады) осы сәтте қатты желмен боран дауысы шығады, залға Аяз ата мен Ақшақар кіреді.

Аяз ата: Келе жатырмыз, келе жатырмыз. Балаларым, балғындарым. Қандай әдемі менің балаларым, балғындарым. Қандай керемет киімдерің де, өздеріңде қандай тамаша. Балаларым балғындарым шыршаларының шамдары жанбай тұр екен, қәне бәріміз сиқырлы сөз айтайық, (таяғымен сілтеп)

Қуант бізді таңырқат,

Шамдарыңды жарқырат.

Ән: « Кішкентай шыршамыз»

Жүргізуші: Аяз ата сіз шаршаған шығарсыз сіз отырып дем алыңыз, балалар сізге арнап таппақтар айтып берсін.

Аяз ата: Жарайды (орындыққа жайғасады)

Айзере

Жаңа жыл Жаңа жыл

Аяз ата келгенде

Әділ

Жасыл шырша жанында

Билеп барлық бала жүр

Медина

Тамаша, тамаша!

Шыршамыз тұр жараса,

Дамир

Басында әсем жұлдызы

Көз тоймайды қараса

Аяз ата: Жарайсыңдар балаларым, балғындарым тамаша таппақ біледі екенсіңдер. Ал, енді балаларым, балғындарым сендермен ойын ойнағым келіп тұр.

Ойын: «Қар жинау»

Жүргізуші: Аяз ата енді біздің баларымыздың биін тамашалайық.

Би: Жаңа жыл биі.

Аяз ата: Жарайсыңдар Балалар тамаша билейді екенсіңдер.

Жүргізуші: Аяз ата біздің балаларымыз тағыда сізге таппақтар айтып береді.

Айсана

Жаңа жылым мол болсын

Басқан қадам оң болсын.

Райс

Төрле төрле жаңа жыл

Бізге құтты жыл болсын

Перизат

Жаңа жыл келгенде

Қуанып қарсы аламыз

Айлин

Би билейміз, ән саламыз

Аяз ата келгенде

Ақшақар: Ата, ата бізге қонақтар келе жатқан сияқты, кім болды екен?

(музыка әуенімен залға қоян мен ұлу кіріп келеді)

Қоян: Мен ескі жыл қоянмын.

Ұлу: Мен жаңа жыл ұлумын.

Біз жаңа жыл тойлауға келдік. Кішкентай қуыршақтарымыздың биін тамашалайық.

Би: «Қуыршақтар»

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар! Сендер тамаша билейді екенсіңдер.

Керемет биледіңдер. Енді біз сыйлықтарымызды Аяз ата мен Ақшақар

таратып береді. Құрметті қонақтар, балалар! Жаңа жылдарыңыз құтты

болсын! Осымен шағын «Күншуақ» кіші топ балаларының «Жасыл шырша»

ертеңгілі аяқталды. Жақсы сау болыңыздар!

Мерекелік іс-шарап
«Жасыл шырша»



«Тексерілді»
«Балбөбек» жекеменшік
шағын орталығының
әдіскері Мағи Т.Е.Махашева

Жаңа жыл мерекесіне арналған ертеңгілік
Тақырыбы: Төрле, төрле жаңа жыл

Өткізген №2 «Балбөбек»
ортаңғы тобының тәрбиешісі
Тажигалиева М.С

2023- 2024ж

Мақсаты: балаларға мерекелік көңіл күй тудыру, шыршаның қалай әдемі де, сәнді безендірілгеніне балалардың, көңілді ойындар ойнату, достық қарым-қатынас ояту, бірлескен ойындар ойнату.

Жүргізуші: Құрметті ата-аналар, балалар, қонақтар! Сіздерді жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Жаңа жыл әрбір шаңыраққа құт береке, ырыс алып келсін! Жаңа жылда үйлеріңіз нұрға, құшақтарыңыз гүлге толсын! Әрқашан той болсын дей отырып, біздің «Төрле, төрле жаңа жыл» атты ертеңгілігімізді бастаймыз.

Ән тыңдап, би бейлейік бүгін тойда,
Қалады бүгінгі күн ойымызда.
Демалып жаңа жылға қадам бастық,
Жаңа жыл құтты болсын баршамызға!

Балалар: Жаңа жыл құтты болсын.

Жүргізуші: «Төрле, төрле, Жаңа жыл» атты Жаң жылдық ертеңгілігімізді ашудағы құттықтау сөзін бөбекжайымыздың директоры : Рыскулбековнаға беріледі.

Жүргізуші: Армысың, аманбысың Жаңа жылым,
Жаңа жылым! О менің Жаңа жырым.
Ұлу жылы келгенде, сый ғып тартып,
Ақтарайық әнменен көңіл сырын.

Жүргізуші: Балалар, қараңдаршы қандай әдемі шырша. Біз шыршамызға тақпақтарымызды айтып берейікші.

А.Айзере:

Әдемілеп біз ілген,

Ойыншықтар тізілген.

Қандай жақсы шыршамыз

Ән шырқайық баршамыз.

Ердаулет:

Жаңа жылым мол болсын.

Басқан қадам он болсын,

Төрле, төрле Жаңа жыл

Бізге құтты жыл болсын.

Омар:

Жаңа жыл келгенде

Қуанып қарсы аламыз.

Аяз Ата келгенде

Билейміз, ән саламыз.

Д.Айзере:

Ақ қар жапты даланы
Ақ жамылды айнала
Жарқыратып шамдарын,
Шырша келді ортаға

Ән:Шырша әні

Тәрбиеші:

(Балаларға жұмбақ жасырады)

Ақсақалды бір шал бар
Бір жылда бір ақ рет келеді
Қыздары мен ұлдарына
Сыйлық әкеп береді
Ол.....

Балалар: Аяз ата

Аяз атаны шақыру: (Аяз ата, Аяз ата, Аяз ата)

Мыстан кемпір келеді:

Пай, Пай, Пай
Мені шақырдыңдар ма? Деп, сыпырғымен ұшып келеді.

Тәрбиеші:

Мыстан апа, сені ешкім шақырған жоқ дейді

Мыстан апа:

Қалай шақырмадыңдар. Менің құлағым сонда дұрыс естімейді дейсіңдер ме?

Тәрбиеші:

Жо, жоқ біз аяз атамызды тойға шақырып едік

Мыстан апа:

Шырша тойы, мына шыршаға бола ма?

Ендеше мен оны түбінен қопарып алып кетемін..... деп қимыл жасайды.

Тәрбиеші:

Тоқтаңыз, тоқтаңыз сіз сондай керемет жансыз. Оныңыз не?

Мыстан апа:

Не, не, не дедіңіз

Тәрбиеші:

Балалар мыстанға әдемі сөздер айтады.

Әдемісіз, сұлусыз, ақылдысыз.....

Мыстан апа:

Жарайды, Жарайды, шыршаларыңа тимеймін. Бірақ сендерге қояр шартым бар.

Тәрбиеші: Орындаймыз

Мыстан апа: Мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр.

Шарты: Балалар ортаға шығып, орындыққа әннің ырғағымен билейді, ән тоқтаған кезде балалар сол орындықтарға отырып қалуы керек, отыра алмай қалған ойыншы ойыннан шығады. Соңғы қалған бала жеңіске жетеді.

Мыстан шығып кетеді.

Тәрбиеші: Аяз атамизды шақырайық (Ән әуенімен Аяз- ата кіріп келеді)

Аяз ата таппағы:

Құтты болсын, балалар,

Келген Жаңа жылдарың.

Алаңдамай өсіңдер,

Еркелеп қыз, ұлдарым.

Өткен жылы келіп ем,

Бәріңді де көріп ем.

Жыл өткізіп келем деп,

Уәдемді беріп ем.

Ойларың мен бойларың да,

Бірдей өсіп қалдындаар ма?

Ал, мен кіммін айтыңдаршы

Мені тани алдыңдар ма?

Тәрбиеші: Қош келдіңіз! Төрлетіңіз мерекемізді тамашалаңыз!

Таппақ:

Жанерке: Жылдың әнін бастайын,
Аяз- Ата кеп қалды.
Майысады жас қайың,
Көтере алмай көп қарды.

Аяз ата: Ау менің Ақшақар қызым қайда деп сұрайды

Балалар: Ақшақар, Ақшақар деп айқайлайды

Ақшақар:(Ән әуенімен кіреді)

Жасыл шырша орманнан,

Сендерге арнайы келіпті

Ойыншығын балалар,

Шыршаға әсем іліпті.

Сәлеметсіздер ме балалар.

Ата үйде қолбағыңыз қалып қойыпты соны алып келіп кешігіп қалдым.

Аяз ата: Ой рахмет, қызым енді көңілім көтеріліп қалды.Балалармен ойын
ойнасам да болады

Ойын: Сыңарын тап:

Балалар, әр қолбақтың сыңарын табуы қажет.Кім көп сыңарын тауып
жинаса сол жеңіске жетеді.

Ән:Шырша әні

Би:Ақшақар биі

Біздің балалардың өзіңізге қыс мезгіліне арналған тақпақтарын қабыл
алыңыз

Тақпақтар:

Каусар:

Бар баланың қонағы

Төрлет ата жоғары

Барлық бала өзіндей

Қашан мырза болады?

Бота:

Жасыл желен жамылған,
Асыл моншақ тағылған.

Міне сұлу шыршамыз
Көптен күтіп сағынған

Ән ырғағымен қоян кіріп келеді:

Тәрбиеші:Бұл кім екен бізге қонаққа келіп қалған?

Қоян :Ой, неткен балалар! Мұнда не болып жатыр?

Жүргізуші: Мұнда жаңа жыл кеші өтіп жатыр.

Қоян:Ой, қандай әдемі сарай! Балалар мен ұлудан қашып келе жатыр едім. Ой-ой-ой әне келіп қалды. Балалар, мен шыршаның артына жасырынып қалайын. Сендер ұлу келіп сұраса, айтыңдар, жарайма!

(Қоян шыршаның артына жасырынып қалады)

Сол мезетте барыс шанамен сырғанап келеді.

Ұлу:Мәссаған, мұнда не болып жатыр.

Жүргізуші: Бүгін бізде жаңа жыл мерекесі өтіп жатыр.

Ұлу:Мені, неге шақырмайсыңдар. Менінде мереке тойлағым кеп тұр. Негізі, мұнда мен қоянды іздеп келіп едім. Сендер көрген жоқсыңдарма?

(шыршаның түбінен сыбдыр естіледі.)

Ұлу:А, қап бәлем, сен мұнда жасырынған екенсің ғой. (екеуі бір бірін куып, қар лақтырып қоянды ұстап алады.)

Қоян:Аяғым-ай, аяғым! (Екеуі таласып жатқанда).

Жүргізуші:Балалар, қараңдаршы ұлу мен қоянды бір-бірімен ренжісіп қалыпты. Қане, бәріміз екеуін достастырып, мерекемізді бірге тойлауға шақырайық. Солайма, балалар!

Балалар:хормен: Ия, олай ренжісуге болмайды ғой! Қане, достасайық.

Ән әуенімен қоян мен ұлу бір-бірімен жылы амандасады.Қоян қоштасып ұлу жаңа жылға жылы лебізін білдіреді

Қоян жылына ризамыз

Қоян жылы саған мың алғыс

Енді міне мен келдім

Қуаныш бақыт алы келдім

Аяз- ата қорытындысы сөзі:

Сыйлықтар таратып береді



«Тексерілді»
«Балбөбек» жекеменшік
шағын орталығының
әдіскері Маг А.Е.Махашева

**Ұйымдастырылған мерекелік іс-шара
Тақырыбы : «Қош келдің,Жаңа жыл!»**

Өткізген №3 «Ботақан»
ересек тобының тәрбиешісі
Қарасаева А.М

2023 – 2024 оқу жылы

«ҚОШ КЕЛДІҢ, ЖАҢА ЖЫЛ!»

Мақсаты: Балаларды жаңа жыл кейіпкерлерімен таныстырып, әр түрлі ойындар арқылы достық қарым-қатынас ояту, балалардың фантазиялық қиялын дамыту және жаңа жыл мерекесін жақсы қарсы алуға үйрету.
Қатысушылар: Аяз ата, Ақша қар, Гном, Қоян, Ұлу балалар, ата-аналар.

Жүргізуші:

Армысындар, халайық!
Бармысындар, халайық!
Жаңа жылды жұп жазбай,
Бірге қарсы алайық!
Шақырайық ортаға
Ертеңгілік басталсын
Жарқыраған Ботақан тобында

Жүргізуші:- Құрметті ата-аналар, балалар, балабақша ұжымы! Сіздерді алда келе жатқан 2024 жылғы жаңа жыл мерекесімен құттықтаймыз. Сіздерге зор денсаулық, қажымас қайрат, еңбекте табыс, жанұяларыңызға бақыт тілейміз! Бүгінгі біздің ертеңгілігімізге қош келдіңіздер! «Қош келдің жаңа жыл атты ертеңгілігімізді бастаймыз.

Осы сәтте Гном ортаға жүгіріп келеді

Гном Алинур Құтты болсын жаңа жыл

Құттықтаймын Сіздерді!

Балалар тезірек жиналындар

Басталды Жаңа жылдың карнавалы

Гном –Достар канеки бәріміз биылғы 2023 жылғы Қоянды шақырып алсақ қалай қарайсындар?

Балалар – Иә, шақырайық

Қоян, қоян, деп хормен қоянды шақырады

Қоян: Сәлем достар қалайсындар Мен сендермен бір жыл бойы дос болдым

Бүгін сендердің өнерлерінді көріп, жолымды Ұлуға берейін

(Балалар, Гном, Қоян бәрі шыршаны айналып ән айтады)

Тәрбиеші: Қанеки балалар бәріміз қолымызды ұстап Шыршамызға арнап ән айтайық

Ән: «Шырша»

Тәрбиеші: балалар бүгін біздің бақшамызда мереке болып жатыр иа

Бірақ бір нәрсе жетіспей тұр

Қанеки кім айтады?

Балалар: Апай шыршамыз жанбай тұр

Тәрбиеші: Иә Ол үшін кімді шақырамыз

Балалар: Аяз ата Ақшақарды

Тәрбиеші: Дұрыс айтасындар балалар, Қанеки баріміз Аяз атамызбен
оның немересі Ақшақарды шақырайық

Балалар: Хормен Аяз ата Ақшақар, Аяз ата Ақшақар

(ортаға аяз атамен ақшақар келеді)

Аяз ата: Сәлеметсіңдерме балалар? Қалдарың қалай? Бүгін керемет мереке
болайын деп жатқанын естіп немерем екеуміз келіп қалдық. Көңіл
күйлерің қалай?

Балалар: Жаксы

Тәрбиеші: Аяз ата Ақшақар Қош келдіңіздер Төрлетіңіздер

Біздің «Балбөбек балабақшасында» Жаңа жыл мерекесі тойлануда
Сіздерді балаларымыздың өнерін көруге шақырамыз. Жақсылап жайғасып,
демалыңыз

Қәнеки, балалар бастаймызба?

Балалар: Иә

Тақпақтар:

Жаңа Жаңа жыл жыл

Жаңа жылға жаңа жыр

Жасыл шырша жанында

Билеп барлық бала жүр (Айнамкөз)

Ал балалар билейік

Ойнайықта күлейік

Аяз ата қуансын

Такпақ айтып берейік (Ерсұлтан)

Жаңа жылда балалар,

Тек қуаныш көріңдер,

Ауырмандар ешқашан,

Мықты болып есіндер! (Мұслиман)

Жаңа жылды қарсы алып,

Жасаймыз той жылда біз.

Жарқын, жарқын ән салып,

Жалғасады жырға жыр. (Қасым)

Ақшақар мен Қоян ойын ойнатады

Ортаға Ақшақар шығып барлық балаларды ойынға шақырады

«Шыршаны безендір» ойыны

Шарты: балалар екі топ болып бөлініп тұрады (3 баладан), содан соң ортадағы ойыншықтармен жылдам шыршаны безендіруге кіріседі. Бірінші безендірген топ жеңіске жетеді.

Жүргізуші: - Балалар қызықты ойын болды. Бәрекелді жарайсыңдар!

Ән: Келді міне жаңа жыл

Такпақтарға кезек берейік:

Тамаша сый алып,

Келді Аяз ағамыз

Тамаша, тамаша

Шыршамыз тұра жараса

Басында әсем жұлдызы

Көз тоймайды қараса (Абдумалик)

Апақ тонға оранып

Базарлықты мол алып

Келді алыс сапардан

Аяз ата оралып (Асқат Алихан)

Жаңа жылым мол болсын

Басқан кадам оң болсын

Төрле, төрле жаңа жыл

Бізге құтты жыл болсын! (Бақдәулет)

Тәрбиеші: Енді қыздарымыздың биіне кезек берейік. «Шырша» биі

Аппақ аппақ жапалақтап ь

Қар жауады тынбастан

Қалың орман қар жамылған


Маужырайды түнгі аспан. (Абубәкір)

Келді міне жаңа жыл

Қарсы алайық бәріміз

Күліп ойнап, би билеп

Ән салайық бәріміз (Сафия)



Шаттанып, куанып

Шырқап ән айтамыз. (Медина)

Ақ қар жапты даланы,

Ақ жамылды айнала

Жарқыратып шамдарын,

Шырша келді ортаға. (Азима)

Жаңа жылмен,

Жаңа жылмен Құттықтаймыз әрине.

Әкемізді, анамызды Қонақтардың бәрінде! (Раяна)

Ақтаяғын таянып

Таңмен бірге оянып

Аяз ата келіп тұр

Аққорпеге оянып. (Б.Алинұр)

Сақалы аппақ күмістей

Тістері аппақ күріштей,

Қызыл ала шапаны

Сағындым аяз атаны! (Нұрайым)

Әкелсін жыл ырыс-құт,

Әлемде болсын тыныштық

Ән салайық жаңаша

Жаңа жылым тамаша! (Бақ. Алинұр)

Қарандар мынау шыршаға,

Неткен әсем көрікті.

Жаңа жылдык думанга,

Аяз ата келіпті. (Мейірман)

Тәрбиеші: Балалар ескі жыл бізде Қоян боды иа?

Енді біз келе жатқан 2024 жыл Ұлу жылы

Ұлу жылы қашанда адамның бойынан сабырлықты, ақылдылықты, айқындайтын жәндік екен. Олай болса бүгінгі біздің мерекеге келіп қалған сүйкімді Ұлуды шақырайық

Қанеки онда ортаға жаңа жыл Ұлуды шақырамыз

Ұлу:

Жаңа жылым мол болсын

Басқан қадам оң болсын

Төрле, төрле жаңа жыл

Бізге құтты жыл болсын!

Тәрбиеші: Қош келдің Ұлу жылы. Төрлет сен енді бізбен Бір жыл бойы боласың. Балалардың биін, өнерін тамашалауға шақырамыз.

Би: Санта биі (Барлық Ұлдармен)


Жаңажыл ұлумен ойын: Қар жинау

Жүргізуші: - Балалар сендер шыныменен, бір жасқа үлкейдіңдер. Бір жыл бойы бізбен дос болған Ескі жыл, Жаңа жылға орнын сыйлағысы келіп тұр, олай болса біз ескі жылды шығарып салайық және ата-аналарымыздың жылы лебіздерін тыңдайық. (Ата-аналар сөйлейді)


Жүргізуші: - Аяз ата, сіз балаларға сыйлық әкелуді ұмытып кеткен жоксызба?

Аяз ата: - Ия, әрине әкелдім, Аяз ата мен Ақшақар шыршаның астынан қап алып шығып, балаларға сыйлықтар таратады. Аяз ата қонақтарды, ата-аналарды, балаларды Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, қоштасып шығып кетеді.

Балалар: - Сау болыңыздар!



Жүргізуші: - Құрметті қонақтар, балалар! «Қош келдің, Жаңа жыл!» атты
мерекеміз аяқталып қалды. Осындай керемет кештің өтуіне ат салысып
жүрген ата-аналар, әріптестерім сіздерге де мың алғыс! Көріп
тамашалағандарыңызға рахмет! Хош сау болыңыздар!



«Бекітемін»
«Балбөбек» жекеменшік шағын
орталығы директоры
С.Р.Мусаева



**«Балбөбек» жекеменшік шағын орталығының «Жасыл шырша жанында»
атты жаңа жылдық ертеңгіліктің кестесі.**

№	Атқарылатын жұмыстар	Уақыты	Жауапты
1	Ертеңгілік «Жасыл шырша»	23.12.2023 Сағат 9.30	Тәрбиеші Мендігулова А №1 «Күншуақ» кіші топ
2	Ертеңгілік «Төрлет төрлет жаңа жыл»	24.12.2023 Сағат 9.00	Тәрбиеші Тажигулова М №2 «Балбөбек» ортаңғы топ
3	Ертеңгілік «Армысың жаңа - жыл »	24.12.2023 Сағат 10.00	Тәрбиеші Қарасаева А № 3 «Ботақан» ересек топ

Жауапты :

Т.Е.Махашева



«Балбөбек» жекеменшік шағын орталығының Желтоқсан айының жоспары

№	Атқарылатын жұмыстар	Уақыты	Жауапты
1	Ұйымдастырылған оқу іс әрекеті Білім беру процесін ұйымдастыру 1. Ұйымдастырылған оқу іс әрекет Сөйлеуді дамыту «Үй жануарлары қалай дыбыстайды» 2. Шығармашылық «Шырша бізге қонаққа келді» 3. «Бөлме гүлдері »	20.12.2023ж 09.00-09.15 09.20-10.40 10.40-11.00	Кіші топ Тажигалиева Марал Ортаңғы топ Қарасайева А Ересек топ Әбішаева Үміт
2	Ата аналарға арналған консультациялық пункттер Мектеп жасына дейінгі балаларды үй жағдайын да тәрбиелеп отырған отбасылары айқындау және консультативтік пункт қызметімен таныстыру	19.12.2023ж	Директор
3	Медициналық – педагогикалық бақылау Салыстырмалы бақылау: топтардағы балалардың шағын орталыққа қатысуы денсаулық жағдайы	24.12.2023ж	Директор
4	Ертеңгіліктер мерекелік іс – шаралар 1. Тақырыптық ұйымдастырылған оқу іс әрекеті тақырыбы: «Менің елім» 2. Тақырыптық ұйымдастырылған оқу іс әрекеті тақырыбы: «Елбасы ел ертеңі» 3. Тақырыптық ұйымдастырылған оқу іс әрекеті тақырыбы: «Елімнің еркіндігі Тәуелсіздік»	13-15.12.2023ж	№ 1 «Күншуақ» кіші топ тәрбиешісі Меңдыгулова А № 2 «Балбөбек» ортаңғы топ тәрбиешісі Тамашова Жазира № 3 «Ботакан» ересек топ тәрбиешісі Әбішаева Үміт
5	Денсаулық күндері «Көңілді эстафета»	28.12.2023ж	Ортаңғы ересек топ тәрбиешілері
6	Кеңестер Электронды портфолио педагогтың АКТ-құзыреттілігінің шығармашылық формасы	23.12.2023ж	Әдіскер
7	Ата – аналармен өзара ықпалдастық Кеңес: «Тұмаудан сақтау»	27.12.2023ж	Медбике
8	Ертеңгіліктер мерекелік іс – шаралар		

«Жасыл шырша жанында» Жаңа жылдық ертеңгілік. 1 «Жасыл шырша» ертеңгілік 2 «Төрлет төрлет жаңа жыл» 3 «Армысың жаңа – жыл »	23.12.2023ж 09.00-09.30	№ 1 «Күншауақ» кіші топ жауапты : Меңдігулова А
	24.12.2023ж 09.00-09.30	№ 2 «Балбөбек» ортаңғы топ жауапты: Тажигалиева М
	24.12.2023ж 10.00-10.30	№ 3 «Ботакан» ересек тобы жауапты: Қарасаева А
№ 1 Әдістемелік кеңес 1.Бөбекжайдың жылдық жылдық жопарын талқылау. 2.Білім беру салалары бойынша балалардың біліктері мен дамуынын анықтау мониторингі.	12.2023ж	Әдіскер